№32 (1098)
13 тамыз,
бейсенбі
2015 ЖЫЛ

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады

Түркістан

Халықаралық саяси апталық

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru
Біздің сайт: www.turkystan.kz

Абай және «Билер ережесі»

Қазақ халқының соңғы төбе биі Абайдың өзі бас болып дайындаған, кейін елге «Абайдың 76 статьясы» деп таралған сол кездің саяси-құқықтық ойының асыл мұрасына айналған «Билер ережесі» туралы айтпас бұрын қазақ қоғамындағы билер институты туралы бірер сөз айта кеткен артық болмас.

Ежелгі қазақтың билер институты XIII ғасырда билер атасы атанған Меңке бидің тәжірибесімен, «Қасым ханның қасқа жолымен», «Есім ханның ескі жолымен», ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтекелер қағидаларымен байытылып, барынша жетілген болатын. Сондықтан да Әз Тәуке ханның «Жеті жарғысында» әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық нормалары, салық туралы ереже, діни көзқарастар, яғни қазақ қоғамының құқықтық ішкі қыр-сыры қамтылған еді.

Билер институтының асыл мұраттары халқымыздың ұлы перзенті Төле бидің сөзінде былайша айқындалған болатын: «Халқына құт әкелмей тұрып, ер мақсұтыма жеттім дей алар ма? Ер жігіттің ерлігінің бағасын бермей тұрып, ел ес жия алар ма!? Мұқым дүниенің мәні де, сәні де – елдің тірегі ер болған жерде ғана, ердің тірегі ел болған жерде ғана кірмек. Батырыңның бағын байлағаның – барыңды жоғалтып, бәлеге жолыққаның. Айналып келіп, алтын тағыңа ниеті теріс арамды отырғызғаның. Арам – өзін ойлайды, адал – өзгесін ойлайды. Халықтың таңдауы – өзгесінің қамын жейтіннің жағында». Ал дала демократиясының айқын көрінісіндей болған билер институты туралы Бәйдібек би: «Аяққа кісен салуға болар, қолға салуға болар, болмас нәрсе – тілге кісен салу» деген екен. Осындай қағидалармен қаруланған, жұрт көңілінен шыққан билердің негізі мұраты, мейлі ол жер дауы, жесір және құн дауы болсын – шешімі қандай да бір жаза белгілеу емес, адамгершілікке, әділеттілікке тәрбиелеу, елдің бірлігіне нұқсан келтірмеу, ағайын арасын алшақтатпау болатын.

Абай қазаққа ең бірінші ұлы ақын, ойшыл және аса көрнекті ағартушы ретінде танылды. Ал оның әйгілі би болғаны туралы алғаш заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов жазғантұғын. Шынында да, өзінің әділеттілігі мен арының тазалығы жөнінде тобықты руында бұрын-соңды мұндай әйгілі би, «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» саралаған «орақ ауызды, от тілді» шешен ретінде ешкім болмағанын көз көргендер де айтқан екен. Ол төбе би болған кезде екі жақты күйзелткен талай руаралық, адамдар арасындағы даулар шешімін тауып, екі жақ та ризалықпен тараған жайлар көп болған. Өйткені ол қандай мәселе болса да, жалпы халықтың көзімен қарауды, санасымен санасуды, мүддесімен есептеуді, ең бастысы, әділеттілікті берік ұстанып отырған.

Абай билікке 20 жасында араласады. 12 жылын болыс, 6 жылын би болып, сол кездегі қазақ қоғамының адамзат өркениетінен кенжелігінен туындаған, оның үстіне отарлық тағдыр күшейте түскен бар қайшылықтарды шешуде өткен билердің үлгілеріне сәйкес талас пен дау істерін шешудің өнері мен амал-тәсілдерін игерді. Ал 30 жасында бір болыстың басқарушысы болған оның беделі де, билік туралы пікірі де халық арасында жоғары болады. «Аузымен құс тістеген ақпа дәугер, алмас тілді ақын, әділ билік иесі» деп оның көзі тірісінде айтылуы жайдан-жай емес. Абай билігінің ерекшелігі – оның адамгершілік және моралдық құндылықтарының басым болуында еді. Қоғамдық тәртіп пен адамдар арасындағы келісімді нығайту бағытындағы билік шешімдері өзгеге үлгі, тәжірибелік сабақ болған. Ол билер сотын халықтың тұрмыс-тіршілігі жағдайындағы әдет-ғұрыптық құқықтарын реттеуші ретінде қарастырып, халықтың мүддесіне жауап беретін қоғамдық өмірді қорғаушы деп санады.

Абайдың би болып қалыптасуының бірнеше саяси-әлеуметтік негіздері болды. Бірінші, Абайдың би болып қалыптасуында өзі өскен әлеуметтік ортасы үлкен рөл атқарды. Сонау Ырғызбайдан бастап, «қарадан туып хан болды» дегендей, өз әкесі Құнанбайға дейін жалғасын тауып келген билік дәстүрінің туасы аса дарынды ұрпаққа әсері мол болды. Әсіресе, өз әкесінің ерекше рөл атқарғанын айта кеткен жөн. Сол кездегі ел ішіндегі атақты билердің де ықпалы аз болған жоқ. Екіншіден, Абай қазақ қоғамында әділеттілік пен тұрақтылықтың, басқару мен реттеудің нышанындай болған, ежелден келе жатқан билер институтының адамгершілікке негізделген құқықтық мұрасын мол игерді. Үшіншіден, өзі өмір сүрген қазақ даласындағы әлеуметтік, қоғамдық қатынастарды барынша терең сезіне білді, олардың өзара әсерлерін айрықша ұғынды. Міне, осының барлығы Абайды өзінің шешендігі мен көсемдігі, парасат пайымы мен арының тазалығы жөнінде ерте танымал етті.

Алайда Абай заманында Қазақстандай алып ел өз мемлекеттігінен айрылып, Ресей империясының құрамындағы отарлардың бірі болды да, қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік институттар бірте-бірте бұрынғы мәнін жоя бастаған еді. Соның бірі XVIII ғасырда шыңырау биігіне жеткен билер институты өзіндік дәстүрлі даму үдерісінен жаңылып, ежелгі құдіретті күшінен айрылған. Дегенмен ішкі қоғамдық өмірде, халық арасында ертеден өзінің тамаша салтымен, ашықтығымен, әділдігімен, мәселені тура шешуімен бай тәжірибе жинаған билердің беделі әлі жоғары болатын. Оларға әртүрлі пікір қайшылықтармен, талас-талаптармен жүгінетіндер аз емес еді. Сондай-ақ бұрын-соңды қай халықтың өмірінде болмасын билікке ұмтылғандар да, өздерін би санағандар да, өзін би санатқысы келетіндер де аз болған жоқ. Сондықтан Абайдың «Сегізінші сөзінде»: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді» болмаса «Жиырма екінші сөзінде»: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ», – деп жасанды билік иелері туралы жазуы тегіннен-тегін емес еді. Бірақ билік тәжірибесінде мұның барлығы екшеліп, таразы басына салынып отырылды.

Бұл кезде қазақ қоғамында феодалдық өмірдің рушылдық, жүзшілдік салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары әлі жалғасып келе жатқан болатын. Жер дауы, жесір дауы, барымта, надандық, заңсыздық, сауатсыздық қоғамның ілгері жылжуына кедергілер келтірді. Осындай әлеуметтік жағдайда қазақ халқына билік айтудың оңай емес екенін Абай жастай білді және өзіне ерекше талап қоя алды. Оны «Үшінші сөзінде» былайша өрнектеген еді: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ». Сол сияқты «Отыз жетінші сөзінде» айтылған: «Биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады. Екпіндеп ұшып қыран да шығады» деген ой да осы талаптың көрінісі болатын.

Әрине, би болу үшін әдет-ғұрып нормаларын терең білу жеткіліксіз еді. Айрықша ойлау жүйесі мен күшті логика, шешендік пен көсемдік, осыларға сәйкес тиісті билік шешімдер жасай алу – мұның барлығы Абайдың би қызметін толық атқара алатынына кепілдік берген болатын. Сондықтан да «Абайға жүгіне барсақ, билігіне құлдық» деген қанатты сөздің пайда болуы жайдан-жай емес еді. Нағыз қазақ айта беретін «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз де Абайдың билік тәжірибесінде талай шыңыққа айналды. Осындай Абайдың қазақ қоғамындағы құқықтық және соттық санада үлкен реформаторлық қызметінің шыңы өзі бас болып дайындаған «Билер ережесі» еді.

Бұл кезде Абайдың 40-қа толған, ақындық салада аяқ алысы енді басталғанымен, ақыл-парасат және болыс-билігінің кемеліне келіп, Семей өңіріне еркін танылған-ды. Алайда қашаннан қазақ қоғамында қалмай еріп келе жатқан аса бір сұйкімсіз қасиет – жолы болғанның шалғайынан тарту, аттының шылбырынан ұстау, биікке шыққанның балағына ұмтылу, жақсының жағасына жармасу Абайдың да алдынан шыққан. Мұның бірнеше әлеуметтік себептері бар еді. Біріншіден, асылды кім болса, сол тани алмайды. Ол үшін өзің асыл болуың керек. Екіншіден, ежелден келе жатқан қазақ қоғамындағы бақталастық, біреудің болғанын көре алмау. Үшіншіден, рушылдық сананың деңгейінде қалып, жалған туыстық көзді байлап, тәуірді тек ағайыннан іздеу. Осындай қасиеттердің қазір де қатарымыздан қалмай, алға жылжуымызға елеулі кесір болып келе жатқаны өкінішті.

«Билер ережесінің» дүниеге келуінің өзіндік тарихы бар. 1885 жылы Семей қаласына қарайтын Зайсан, Өскемен, Кереку (Павлодар) және Семей ояздарының қаладан 70 шақырым Шар өзенінің бойында Қарамола деген жерде төрт ояз бас қосып, ақы және ел арасындағы басқа да дауларды шешетін төтенше съез өтетін болады. Бір ай бұрын жоғарыдағы төрт ояз елге хабар жіберіліп, болыс басына бір би сайлап алып келуге тапсырма берілген еді. Содан кейін барлығы 100-ден астам ірі билер жиналады.

Съез өтер кез жақындағанда Зайсан мен Өскеменнің отыз-қырық билері Семей оязына қарайтын керей, матай, уақ руларына билігі жүріп тұрған Ақметкерей Рақыш Төлей баласының үйіне жиналады. Олар төрт болыс тобықтыны, оның басшысы Абайды төмендетіп, съезге кіргізбеуге уәделеседі. Мұнымен шектеліп қалмай, Кереку оязының билеріне кісі жіберіп, осы мәселеде бірігуге шақырады. Бірақ олар Абаймен бас араздығымыз жоқ, екі жаққа да қосылмаймыз деп жауап береді. Ал сөз байласқан ояздың билері Абайды жамандап, бар пәлені жауып, ел бүлдіреді, ұры ұстайды, сондықтан ол съезде болмаса екен деп барлығы қол қойып, мөр басып, ояз бастығына арыз береді. Мұндай хабар Абайға да жетеді. Ол бара көрерміз деумен жолға шығады. Жолай бір қонып, ертеңіне атқа мінерде болып жатқан жайлардан өзі де хабардар шығар деп өзінің съезге бара жатқанын айтып, Көкен болысына қарайтын уақтан шыққан ақсақал, ел ағасы Әлімхан деген кісіге арнайы адам жібереді. Ол да көп кешікпей атқа мініп, Қарамолаға келеді. Бірақ Абайларға соқпай, Рақыштың үйіне түседі. Қонақ жайғасқаннан кейін үйиесі жай-жапсарды мәлім етеді. Бірақ ол Әлімханның түйінді сөздерінен кейін райынан қайтады. Содан кешегі уәделескен елдің басты адамдарын шақырып, мәселені ашық ортаға салады. Барлығы Әлімханның уәжіне тоқтайды. Сонан соң бар кісілер Абайға келеді. Әлімхан мән-жайды түгел баян етіп, үш ояз елдің ақсақал-қарасақалының сөзді, билікті өзіне бергенін айтады да: «Мына мен әкеліп саған беремін. Сені Құнекем әруағына берем» дейді. Сонда Абай орнынан тұрып: «Әлеке, сіз сықылды ағаның бергенін аламын, бірақ жаңылмас жақ болмайды, сүрінбес тұяқ болмайды деген мақал бар ғой, мен серке боп көпті бастасам, сіз қойшы боп сырттан бағып жүресіз» дейді. Содан жұрт Абайды съезде төбе би етуге уағдаласып, Әлімхан ақсақал бата береді. Осыдан кейін көпшілік оязға жолығып мән-жайды, Абайды төбе биге сайлағандарын мәлім етеді.

Съез алдында Абай оязбен оңаша сөйлесіп, қазақ дауын шешуге орыс заңының тура келмейтінін айтады. 1961 жылы шыққан «Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағының» Әбіш Жиреншин дайындаған «Алғы сөзінде» сол съезде Абаймен бірге болған досы Мүсірәлі Қожанұлының Әлімханмен арада болған Абайдың мынандай сөзін келтірген: «Әлеке, оязбен сөйлестім, орыстың біздің қазақ дауы туралы шығарған заңы тура келмейтінін айттым. Ояз оған тоқтап, – олай болса, сен қазақтың ұрпына-әдетіне, тұрмысына лайықты заң шығарып жаз, осы съезде жиналған билерге, елге оқып бер. Егер оларға ұнамағаны болса түзет, сол көптің ұнатқан заңын мен бекітемін, бұдан былай қазақ арасына белгілі заң болсын, – деді, енді соны жазып жатырмын». Билер Абай заң жобасын дайындағанша үш күн үйлерінде отырады. Заң жобасы біткеннен кейін билер назарына ұсынылып, қабылданады. Абай бірнеше күн отырып, қазақтың ескіден келе жатқан өзі білетін ел заңымен қатар кей жерлерде жаңадан жол табады. Сөйтіп кейін «Билер ережесі» деп аталып заң қабылданады. Бұл қазақтың әдепті заң ережелеріне жасалған шын мәнісіндегі реформа болатын.

Абайдың орыстың заңы қазақ тұрмысына тура келмейді деген пікірі осыдан 20 жыл бұрын Шоқан Уәлихановтың қазақты орыс заңымен соттауға болмайды деген ойымен астасып жатыр еді. Шоқанның пайымдауынша, құқық халық өмірінің ортасынан түлеп шығуы керек, оны «сырттан алуға және жоғарыдан тануға болмайды». Қанша дана болса да, бөтен заңдардан «туған заң» артық. Бұл ой бүгінгі күні өз билігіміз өзімізде, тәуелсіз ел болып отырғанымызда ерекше мәнді болып отыр.

«Билер ережесінде» сол кездегі қазақ тұрмысына қатысты бар мәселелер қамтылған деуге болады. Даулардың үлкен-кішілігіне, күрделілігіне қарай қай жерде қаралып, дауласкандардың әрқайсысының дұрыс көрген билерін ұсынудан, даулаусушылардың шақырылған жерге келу, келмеуінен бастап жер дауы, жесір дауы, кісі өлімі, мал ұрлау, барымта т.б. және осыларға сәйкес айып мөлшерлері, тіпті қазақ арасында болатын даулардың орыстан немесе ноғайдан уәкіл араласпауына дейін мәселелер қамтылған екен.

Адамзат қоғамының қай кезінде болса да адам құқығы өзекті болғаны аян. Өйткені ол – адамның өмір сүру амалының ажырамас атрибуты. Сол себепті Абай «Ережесінің» мазмұндық өзегі адам құқығын қорғау, сол арқылы қоғамдық тәртіпті нығайту, адамдар арасындағы келісім мен түсіністікті арттыру болды. Бұл принцип қатаң ұсталды. Шынына келгенде, бұл мәселелер Абай шығармашылығының да рухани тіндері еді. Адам бір-бірінен тек «ақыл, ар, білім, мінез» дегендермен ғана ерекшеленеді деген Абай билігінің мәні – оның адамгершілік және моральдық құндылықтарының басымдығында, мұраты жұртшылықты – қоғамшылдық пен әділеттікке шақыруында болатын.

Кешегі қазақ қоғамында адам құқығының ішінде әйел теңдігі аса күрделі мәселе болғаны аян. Осының терең түсінген ұлы гуманист әйел бостандығы мен теңдігіне кедергі келтіретін әдет-ғұрыптарды қатаң сынаған еді. Оған «Бір сұлу қыз тұрпты хан қолында» деген өлеңі дәлел бола алады. Хан қолында тұрған, кигені алтын-күміс, қамқа, торғын, күтуші қыз-келіншектер толып жүргенімен, хан да жанын қиярлық болғанымен, сән-салтанаттың қыздың жас жүрегін жұбата алмағанын айта келіп:

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі
мүшел,
Мал беріп алғанменен,
қатын емес, – дейді.

Мысалы, бұрынғы әдеп заңының әменгерлік талабы бойынша күйеуі өліп, жесір қалған әйел күйеуінің ағасына болмаса інісіне еріксіз қосылуы керек болатын. Ал «Билер ережесінің» 42, 43, 46, 47, 48 және 51-баптарында қазақ әйелінің отбасылық өміріне қатысты теңдігі қорғалады. Мысалы, 42-бапта түрлі себептер болса не болмаса күйеуінің келісімімен әйелді ажыратуға болатындығы айтылған. Осы бапта «Құда түскен қалыңдық пен күйеу жігіттің де ажырасуы мүмкін» деген құқықтық норма бар. Балалары жас кезінде, тіпті бесік құда болу дәстүрге айналған ол заманда 46-бапта «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарады» немесе 47-бапта «Байы өлген жесір қатын сүйсе байының бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе ихтияры өзінде» делінген. Сондай-ақ 51-бапта күйеуі қайтыс болған жесірдің тұрмысқа шығуға да, шықпауға да еркіне кепілдік берілген. Ал қазақ қоғамындағы бұрынғы әменгерлік «Ерден кетсе де, елден кетпейді» деген ұстанымы бойынша: «Күйеуі өлген әйел билер (ақсақалдар) шешімімен күйеуінің жақын бір туысына шығуы керек» делінген

«Билер ережесінің» гуманистік сипатын ондағы адамдардың басына күн туып, апатқа душар болғандарға, алыс-жақын демей қол ұшын беруге, көмектесуге шақырған идеялардан айқын аңғаруға болады. Мұндай көмек көрсетпегендерге айып та қарастырылған. 32-бапта әке-шешесіне тіл тигізген бала солардың қалауы бойынша қазақ ғұрпына сәйкес жазаланатындығы, сондай-ақ құрметті кісілерге тіл тигізген адам ат-шапан айып тартып, аттан бастап бір тоғыз төлейтіндігі айтылған. 35-бапта: «Суға кетіп бара жатқандарға, өрт кезінде, аязда, шөл далада, басқа да жағдайларда қатыгездік жасап, көмек көрсетпегендер бас тоғызбен айыпталады» деп атап көрсетілген.

Абайдың қылмыстық құқыққа қатысты қағидалары да маңызды. Қылмыстық үдерісте оған қатысқан адамдардың әрекеттеріне объективті баға беру қашаннан негізгі мәселелердің бірі болып келгені белгілі. «Билер ережесінің» 33-бабында «Ұрыс-төбелес шығарғандар ат-шапаннан бастап, үш тоғызға дейін сұраушының (жәбірленуші – Ә. Б.) пайдасына шешеді. Оны ұйымдастырушы басқаларға қарағанда айыпты молырақ төлейді. Бұзақылық жасағандарға болыстың өкіміне орай және жағдайға қарай билердің билігі бойынша ақшалай айып салынады, жер аударылады немесе түрмеге жабылады». Баптың мазмұнынан көрінің тұрғанындай, қылмыс жасауды ұйымдастырғанның жазасы ауырлатылған. Бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің «Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар» деп аталатын 54-баптың 1-тармағының в-тармақшасындағы алдын-ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың қылмыстық жауапкершілігі мен жазаны ауырлататын мазмұнымен сәйкес келеді.

Кешегі қазақ қоғамында әдеп заңы бойынша ұрлық, әсіресе мал ұрлығы сияқты қылмыстарға жеңілдіктер жасалып, олар тікелей жазадан қаға беріс қалатын. Ал «Билер ережесінің» 37, 38, 40, 41, 59, 60, 61, 69-баптары ұрлыққа тікелей арналған. Бұл баптарда ұрлықты ұйымдастырған да, оған әртүрлі рөлмен қатысқандарды да жауапқа тарту көзделген. Мысалы, 61-бапта «Ұрының өзінен және оған серік болған жолдасынан, ат беріп аттандырған, еріп барған, ұрлық малды жасырысқан, оны біле тұрып хабарламағандардың малы жоқтығына қарамай айып салынады» делінген. Айта кететін тағы бір мәселе, Абай мал ұрлауды кәсіп етіп, арамтамақтыққа салынғандарға жазаның қаттырақ болғанын қолдаған. Оған 28-ші баптағы «Өлген барымташыға, ұрыға құн төленбейді» деген қағида дәлел бола алады.

Қазақ қоғамы өтірік арыз, жала жапқан жалақорлардан кенде болған жоқ. Оның өзіндік себептері де болмай қалмады. Әділетсіздікке төзе алмағандар жазбады емес, бірақ әлділер арыз жазғандардың соңына түсетін жағдайлар аз болған жоқ. Бұдан қазір де ада бола қойған жоқпыз. Абай ережесінің 54-бабында «Қызметкерлерге жала жапқандар би төрелігіне сәйкес 28 күнге абақтыға жабылады, айыптаушының шығыны қайтарылады».

«Билер ережесінің» құқық бұзушылықтың себептері туралы ойлары да ерекше мәнді. Қазақ қоғамының қыры-сырын барынша мол білген, терең түсінген билер қылмыстық істердің төркініне де көз жіберген. Мұның қоғамдық құбылыс екенін ұғына отырып, оның ең бірінші себептерін адамды қоршаған әлеуметтік ортадан іздейді. Сөйтіп күллі адам баласын қор қылатын үш нәрседен сақтандырады. «Отыз сегізінші сөзінде» оларды «Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық» деп нақты атаумен қатар олардың себеп-салдарларын ашып береді: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады». Шынына келгенде, екі аяқты хайуаннан бәрін күтуге болады. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны» дей отырып, Абай осыдан талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық және кедейліктің шығатынын айтады. Ал Абай адам баласының дұшпаны деп атап көрсеткен залымдық бүгін көбеймесе, азайған жоқ. Өкінішке қарай, адам баласы білімді болған сайын түгелдей адамгершілікті бола алмай отыр. Әл-Фараби тәрбиеге негізделмеген білім қауіпті дегенде қуыс кеуде білімділердің қулық-сұмдықты соғұрлым мол меңгеріп, неше түрлі қылмыс жасайтыны да ойында болған шығар. Ал Абай «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» деген өлеңінде:

Қулық, сұмдық, ұрлықпен
мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса,
тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың
ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас, – деп қулық, сұмдықтың құйрығы бір тұтам екенін, оның ақыры жақсылыққа апармайтынын қадап айтқан. Мұны бүгінгі өмір де аз көрсетіп жатқан жоқ. Дегенмен қоғамның саналылығының әлі де төмендігі, нарықтың кей кісілерді ақшаға табындыруы қылмыстың ауылын алыс ете алмай отыр.

Осылай ерте замандағы қазақ қоғамынан бастау алатын, ұрыптық сот билігінің бүкіл тарихи тәжірибесі жинақталып, саяси-әлеуметтік тиімділігі барынша жетілдіріліп, саяси-құқықтық ойдың асыл мұрасын дайындауға өлшеусіз үлес қосқан Абай болатын. Алайда бұл ережелер патшалық Ресейдің отаршылдық саясатынан кең өріс ала алмады. Тіпті патшалық өкіметтің әкімшілік орындары жаңа заңның демократиялық ұстанымдары отаршылдық саясатына қайшы болғаннан кейін оны іс жүзінде қолданбай аяқсыз қалдырған. Содан бұл ереже өткен ғасырдың 50-жылдарының аяғында ғана Қазаннан табылып, елге оралды. Алайда мұның кеңестік жүйеге де қажеті бола қоймады. Қайта ұлттық дамуымызға бұғау салынды. Әйтпесе қатарларында небір әйгілі заңгерлері бар Алаш жетекшілері Абай салған жолды адамзат қолы жеткен өркениетпен құнарландыра отырып, бұл бағытты өз ырғағымен ілгері дамытып, өз халқының өсу үдерісіне жауап беретіндей жаңа биікке көтерулері мүмкін еді. Тағдыр оны қазаққа жазбады. Сол себептен де кеңестік кезеңдегі Қазақстанда қабылданған 452 заңның өмірлері де ұзақ болмады, бүгін олардан қолға ұстар тұтастай ештеңе жоқ.

Тек өткен ғасырдың 90-жылдары қол жеткен Тәуелсіздік қана ұлттық мұраттарымызға бет бұруға мүмкіндік туғызды. Алайда 20 жыл әлі аздық етіп отыр. Бүгінгі күні заңдарымыздың алдымен орыс тілінде жазылып, сонан соң қазақ тіліне аударылып жатқаны соттық тәжірибеде көп қиыншылықтар келтіріп жүр. Өйткені қазақ қоғамындағы құқықтық қарым-қатынастарда қолданылатын шындықты орыс тілінде жазып, оны қазақ тіліне аударғанда бірсыпыра ұғымдық мәндер бұзылмай тұрмайды. Сондай-ақ шетелдік тәжірибелерге құрғақ еліктеулер, ұлттық ерекшеліктерді ескере бермеу де жоқ емес. Қазіргі уақыттың кемшіліктері Тәуелсіздік тұғырлы болған сайын жойылып, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу күшейіп, оның заманауи талаптарына сай жетіле түсетіні даусыз. Сондай-ақ биыл қабылданғанына 20 жыл толған Конституциямыздың 1-бабында «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылу да құқықтық мемлекет құруды, әрине, қоғамдағы құқықтық саланы, заңдарды жетілдіре түсуді қажет ететіні де сөзсіз. Бұл бағытта өткен тарихымыздағы қол жеткен құқықтық құндылықтарымызды терең зерттеп, оларды қазіргі заман талаптарына сәйкес ұтымды жетілдіріп жатсақ, ұтарымыз көбірек болар еді.

«Билер ережесінде» сол кездегі қазақ тұрмысына қатысты бар мәселелер қамтылған деуге болады. Даулардың үлкен-кішілігіне, күрделілігіне қарай қай жерде қаралып, дауласкандардың әрқайсысының дұрыс көрген билерін ұсынудан, даулаусушылардың шақырылған жерге келу, келмеуінен бастап жер дауы, жесір дауы, кісі өлімі, мал ұрлау, барымта т.б. және осыларға сәйкес айып мөлшерлері, тіпті қазақ арасында болатын даулардың орыстан немесе ноғайдан уәкіл араласпауына дейін мәселелер қамтылған екен.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
Қазақ гуманитарлық заң
университетінің профессоры